

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Украинаның Теледидар және радио хабарларын тарату мемлекеттік комитеті арасындағы Ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі N 899 қаулысы

Ескерту: Қаулының атауына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1439 Қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Украинаның Теледидар және радио хабарларын тарату мемлекеттік комитеті арасындағы Ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасына қол қоюға келісім берілсін .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1439 Қаулысымен .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Украинаның Теледидар және радио хабарларын тарату мемлекеттік комитеті арасындағы Ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Ескерту: Тақырыбында және мәтінде:

"Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген сөздер "Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1439 Қаулысымен .

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Украинаның Теледидар және радио хабарларын тарату мемлекеттік комитеті ,

екі мемлекет арасындағы қазіргі достық қатынастарды одан әрі дамытуға және нығайтуға ұмтылысты басшылыққа ала отырып,

екі елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірі туралы ақпаратты кеңінен әрі еркін тарату үшін жағдай жасау қажеттігін негізге ала отырып,

бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықты

одан әрі дамытуға Тараптардың мүдделілігін ескере отырып, 1992 жылғы 9 қазанда Бишкек қаласында қол қойылған Ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін ұстанатындықтарын растай отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар, өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес олардың мемлекеттерінің халықтарының өмірі туралы білімін одан әрі тереңдету мақсатында кеңінен әрі еркін өзара ақпарат таратуға қолайлы жағдай жасауға жәрдемдесетін болады.

2-бап

Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің аумағында басқа Тараптың мемлекетінде заңды негізде басылып және таралып жатқан мерзімді баспасөз басылымдардың оларда жарияланған мәліметтер мен материалдар аумағына таралатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін жағдайда өз аумағында еркін алмасуына және таралуына ықпал ететін болады.

3-бап

Тараптар мемлекеттерінің бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы тиісті ведомстволар мен ұйымдар арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты Тараптар қолдайтын және көтермелейтін болады, олардың нақты шарттары мен нысандарын қатысушылардың өздері айқындайды.

4-бап

Тараптар өзара теңдік негізінде бұқаралық ақпарат құралдары, ақпаратпен байланысты ғылыми-техникалық салалар аясында мамандар алмасуды көтермелейтін болады.

Мамандар алмасу нысандары және оларды қаржыландыру тәртібі Тараптар арасындағы жекелеген келісімдер негізінде анықталатын болады.

5-бап

Тараптар басқа Тарап мемлекетінің бұқаралық ақпарат құралдары редакцияларының тиісті түрде аккредиттелген өкілдеріне іскерлік байланыстар орнатуды және нақты жағдайды ақиқатты түрде көрсететін ақпараттық материалдарды, теледидар хабарларын дайындауды қоса алғанда, олардың өзінің кәсіби міндеттерін орындауы үшін қажетті жағдай жасауына өзара жәрдем көрсететін болады.

Тараптардың әрқайсысы өз аумағындағы жұмыс істейтін басқа Тарап мемлекетінің бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері пункттерінің қызметіне, олар қабылдаушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасын сақтаған жағдайда жәрдем көрсететін болады.

6-бап

Тараптар бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін құқықтық реттеу саласында ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуды, сондай-ақ Тараптар мемлекетінің ұлттық мүдделеріне және мемлекеттік құпияларына нұқсан келтірмейтін өзге де ақпарат алмасуды жүзеге асыратын болады.

7-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар қатысушы болып табылатын басқа да халықаралық шарттар бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

8-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамаларды ресімдеу жолымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады. Егер тиісті кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын Тараптардың бірі басқа Тарапқа оның қолданылуын тоқтатуға өзінің ниеті туралы хабарламаса, оның қолданылуы келесі бесжылдық кезеңге ұ з а р т ы л а д ы .

Осы Келісім Тараптардың бірі басқа Тараптың оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап алты ай өткеннен кейін өзінің қ о л д а н ы л у ы н т о қ т а т а д ы .

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

200 жылы " ____ " _____ қаласында екі түпнұсқалы данада әрқайсысы қазақ, украин және орыс тілдерінде қол қойылды, сонымен бірге барлық мә т і н д е р д і ң к ү ш і б і р д е й .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және
спорт министрлігі
үшін
комитеті үшін*

*Украинаның Теледидар және
радио хабарларын
тарату мемлекеттік*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК